Жалағаш кентіндегі Елтай көшесін қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті 2010 жылғы 30 қарашадағы N 22 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 22 қарашада N 10-6-170 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес кент халқының пікірін және Жалағаш ауданы әкімі жанындағы консультациялық - кеңесші орган комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 11 қазандағы N 5 хаттамасын ескере отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Жалағаш кентіндегі Елтай көшесі К.Рахимовтың атындағы көше болып қайта аталсын.

2. Кент әкімінің орынбасары Р.Ержанов осы шешімді іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Кент әкімі: *Қ. Құлмахан*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК